



ХҒТАР 15.01.11

<https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-153-4-128-143>

Теориялық шолу

Шетел зерттеулеріндегі қаржылық сауаттылықтың психологиялық аспектілері мен механизмдеріне теориялық талдау

Ж.Н. Ибраимова¹, Б.Ш. Байжуманова^{2*}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹bp.enu.2020@gmail.com, ^{2*}bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru)

Аңдатпа. Соңғы жылдары психологиялық ғылымдар аясында тұлғаның қаржылық сауаттылығын зерттеу маңызды болып отыр. Оған себеп қаржылық шешімдер көбінесе адамның мінез-құлқына, эмоциялық тұрақтылығына және когнитивті ерекшеліктеріне байланысты қабылданады. Тұлғаның қаржылық мінез-құлықтық әрекеттеріне оны тек қаржылық білімі мен дағдысы ғана әсер етіп қоймайды, оның мотивациялық сферасы да, сенімдер жүйесі де едәуір ықпал етеді.

Мақалада шетел зерттеулеріндегі қаржылық сауаттылықтың психологиялық аспектілері мен механизмдері теориялық талданады. Алдымен қаржылық сауаттылықтың психология ғылымындағы маңызы мен өзектілігі айқындалады. Оған қоса, психологиялық зерттеулер негізінде «қаржылық сауаттылық» ұғымына сипаттама беріледі. Мақаланың өзіндік ерекшелігі қаржылық сауаттылықтың психологиялық детерминанттарын дәйектейтін ғылыми басылымдардағы еңбектерді зерделей отырып, жүйелі шолу жасалады. Және осы факторлар негізінде қаржылық сауаттылықтың психологиялық механизмдері мен аспектілері айқындалады. Prisma әдістемелік процедурасы негізінде библиографиялық аналитикалық мәліметтерге жүйелі шолу арқылы зерттеулерге сапалық талдау жүргізіледі. Халықаралық деректер қоры Scopus, Web of Science (WoS) және Google Scholar базасы бойынша соңғы зерттеулердің статистикалық мәліметтері келтіріледі.

PRISMA критерийлері негізінде қаржылық сауаттылық мазмұнына жүйелі шолу негізінде оның психологиялық факторлары мен механизмдері кесте арқылы айқындалады. Қаржылық сауаттылыққа әсер ететін сыртқы (экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, мәдени) және ішкі (психологиялық) факторлар жүйеленеді. Шетелдегі психоло-

Түсті: 21.10.2025; Жөнделді: 29.10.2025; Мақұлданды: 12.11.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

*хат-хабар авторы

гиялық зерттеулердің көпшілігінде қаржылық сауаттылықтың психологиялық предикторлары ретінде өзіндік тиімділік және мазасыздық айнымалылар көрсетіледі. Зерттеу мәліметтері бойынша тұлғаның когнитивтілік қабілеттілігі қаржылық сауаттылық деңгейіне тікелей әсер ететін фактор ретінде айқындалады. Қартайған кездегі өмірге қатысты мазасыздық та қаржылық сауаттылықтың психологиялық аспектісі ретінде зерттелінген деректер сипатталады.

Түйін сөздер: қаржылық сауаттылық, психологиялық зерттеулер, қаржылық мінез-құлық, қаржылық білім, когнитивті қабілет, мазасыздық, өзіндік тиімділік.

Кіріспе

Қаржылық сауаттылық бұл тұлғаның өз өмірін тиімді басқаруы үшін де, жалпы қоғамдық тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз ету үшін де маңызды өмірлік құзыреттілік болып табылады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD, 2020) қаржылық сауаттылықты бүгінде ең маңызды өмірлік дағды ретінде танытты. Әлемдегі соғыстар мен әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтар, сондай-ақ 1998 жылғы Азия дағдарысы, 2007-2009 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысы және 2012 жылғы Еуропадағы мемлекеттік қарыз дағдарысы сияқты ірі қаржылық күйзелістерден кейін қаржылық сауаттылық тақырыбына деген қызығушылық едәуір артты (Rehman and Mia, 2024). Сонымен қатар, кенеттен басталған COVID-19 пандемиясы кезінде азаматтардың жұмысқа шығу, қолма-қол ақша алу және тұрақты табыс табу мүмкіндігі шектелді. Бұл жағдай адамдарды қаржылық қауіпсіздікке, табысты басқаруға және қаржылық ресурстарды ұтымды пайдалануға саналы түрде қарауға итермеледі (A.Yuesti et al., 2020). Сондықтан үкіметтер, банктер, қызметкерлер, қоғамдастық топтар, қаржы нарықтары мен басқа да мекемелер, сондай-ақ жеке тұлғалардың өздері, әсіресе дамушы елдерде, қаржылық сауаттылық мәселесіне барған сайын көбірек көңіл бөлуде (Al-Tamimi НАН, 2009).

Көптеген зерттеулердің нәтижелері әлем бойынша қаржылық сауаттылық деңгейінің төмен екенін көрсетеді. Орта есеппен халықтың тек үштен бірі ғана қаржылық шешім қабылдаудың негізінде жатқан базалық экономикалық ұғымдарды (банк операцияларының мәні, қор нарығындағы операциялар, жинақтау мен қор жинау тәсілдері) түсінеді. Ал қаржылық сауатты мінез-құлыққа ие адамдардың үлесі бұдан да аз (A. Lusardi, 2019). 2023 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі республика бойынша 3 қала мен барлық облыстардан 3 мың адамның қатысуымен халықтың қаржылық сауаттылығының негізгі көрсеткіштеріне қатысты зерттеу жүргізіп, нәтижесінде қаржылық сауаттылық индексі 40,5%-ды құрады. Зерттеу нәтижелері халықтың қаржылық сауаттылығының негізгі көрсеткіштерінің динамикасын, соның ішінде тұлғаның саналы тұрғыда жеке қаржыны басқару, қаржылық қызметтерді пайдалану қабілеті мен қаржы жүйесі туралы когнитивті деңгейін көрсетеді. Оның ішінде халықтың қаржылық сауаттылық деңгейінде ең әлсіз

көрсеткіші «Жеке қаржылық қорын басқару» бағытының үлесі небәрі 38,6%-ды құрады (ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, 2023). Сонымен бірге қаржылық операциялардың сауаттылығы немесе сауатсыздығы психологиямен тығыз байланысты, өйткені олар осы әрекеттерді жүзеге асыратын адамның тұлғалық қасиеттерімен (жеке-психологиялық ерекшеліктерімен, әлеуметтік ұстанымдарымен, мінез-құлық стереотиптерімен және т.б.) сабақтасады.

Қаржылық сауатты адамдар күнделікті шығындарын тиімді басқарып, болашақтағы қаржылық қауіпсіздігін қалыптастырып, балаларының білім алуын жоспарлап, зейнет жасын да қамтамасыз ете алады. Қаржылық сауаттылық тақырыбы адамның өмірлік циклінің барлық кезеңінде маңыздылыққа ие, тіпті, халықтың қаржылық сауаттылықтың ең қарапайым талаптарының орындалмауына байланысты, саясаткерлер арасында басты тақырыптарының талқылауларына айналды (OECD, 2019).

Әдебиеттерге шолу

«Қаржылық сауаттылық» ұғымы термин ретінде ең алғаш Джон Адамстың еңбектерінде қолданылған. Ол 1787 жылы-ақ ақшаның табиғаты туралы базалық білімдердің маңыздылығын атап өтіп, халықтың қаржылық құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігіне ерекше назар аударған болатын. Алайда, осындай ерте айтылған ескертулерге қарамастан, бұл тақырып ғылыми және зерттеушілік тұрғыда өзекті бола бастағаны тек 1990-жылдардың соңына келеді. Қаржылық сауаттылық саласындағы алғашқы эмпирикалық зерттеулер (Bakken, 1967; Danes & Hira, 1987) негізінен мектеп оқушылары мен колледж студенттеріне бағытталды және олар жеке қаржыны басқарудың негізгі аспектілерін мақсатты түрде оқытудың қажеттілігін айқындады. Бұл еңбектер қаржылық сауаттылық ұғымының білім беру мен әлеуметтік әл-ауқаттың маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі әрі қарай дамуына негіз қалады (K. Goyal, S. Kumar, 2021). 2000-жылдардың басынан бастап қаржылық сауаттылық мәселесіне ғылыми қызығушылық артты. Бұған кең ауқымды экономикалық өзгерістер мен жаһандық қаржы дағдарысының салдары себеп болды (Rehman and Mia, 2024).

Қаржылық сауаттылық ұғымына D.L. Remund (2010) «Адамның ақшаны басқару құзыреттілігі» деп түсініктеме берсе, ал C. Thilakam, (2012) «Қаржыны түсіну қабілеті» деп қысқа анықтама берген. Ал S.J. Huston (2010) қаржылық мінез-құлық пен оның бағалау критерийлерін ғылыми зерттеудің нысаны ретінде қарастырған. Ғалымның пікірінше, қаржылық сауаттылық – бұл адамның қаржылық тұрғыдан дұрыс әрекет ету қабілеті, ол екі критерий арқылы көрініс табады: түсіну (қаржылық құзыреттілік ретінде қаржы туралы білімге ие болу) және қолдану (қаржылық мінез-құлықты реттеу). Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ, 2023) «Қаржылық тұжырымдамалар мен тәуекелдерді білу және түсіну, сондай-ақ бұл білім мен түсінікті түрлі қаржылық жағдайларда тиімді шешім қабылдау үшін қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар мен көзқарастар» - деген өз анықтамасын берді. Бұл саладағы ең көп дәйексөз келтірілген авторлардың бірі, қазіргі кезде Стэнфорд экономикалық саясатты зерттеу институтының (SIEPR) аға ғылыми қызметкері және Қаржылық шешім қабылдау жөніндегі бастаманың директоры Annamaria Lusardi 2024 жылғы қорытынды анықтаманы ұсынады. А. Lusardi бойынша «Қаржылық сауаттылық – бұл деректерді

талдау дағдыларын пайдалану арқылы қаржыны басқару мен жоспарлау, аннуитеттер мен міндеттемелер, сондай-ақ байлық жинау жөнінде негізделген шешімдер қабылдау қабілеті» деп мәлімдеді. Анықтамаларға сәйкес, қаржылық сауаттылықтың екі негізгі құрамдас бөліктерін белгілеуге болады: қаржы қағидаларын меңгеру/білу мен сол білімін іс жүзінде қолдана алу қабілеті. Бұл өз кезегінде қаржылық сауаттылық аспектілерін қаржы мен байлық туралы тұлғаның когнитивті сферасы мен сол білімді ұтымды қолдана алу қабілеттілік көрсеткіші ретінде психологиялық тұжырымды дәйектейді.

Соңғы жылдары қаржылық сауаттылық пен қаржылық мінез-құлық саласы тек экономикада ғана емес, сонымен қатар психологияда да зерттеу нысанына айналды. Бірқатар шетелдік зерттеушілердің қорытындыларына сүйенсек, қаржылық сауаттылық деңгейіне ең алдымен сыртқы факторлар (әлеуметтік, демографиялық және экономикалық) емес, ішкі психологиялық үдерістер әсер етеді (C. Mudzingiri et al., 2018). Атап айтқанда, жеке когнитивтік қабілеттері (M. Muñoz-Murillo et al., 2020; A. Fazal et al., 2021), тұлғалық қасиеттері (T. Pinjisakikool, 2017), өзін-өзі бақылау деңгейі (J. Gathergood, 2012; M. F Ayuningtyas and A. Irawan, 2021), мазасыздықтың түрлері (K. Skagerlund et al., 2018; Kadoya Y, Khan MSR, 2020; Tinghög et al., 2021), өзіндік тиімділік немесе өз күшіне деген сенімі (S. Longobardi et al., 2017; Riaz S. et al., 2022; M. Galizzi et al., 2023), тәуекелге бейімділік пен үмітсіздік (T. Bashir et al., 2013) секілді психологиялық факторлар қаржылық құзыреттілікті қалыптастыруда әлеуметтік-демографиялық, мәдени немесе экономикалық факторларға қарағанда анағұрлым маңызды рөл атқаратыны көрсетілген. Аталған ішкі детерминанттар тек қаржылық ақпаратты қабылдауға ғана емес, сонымен қатар жеке қаржыны басқарудағы мінез-құлық үлгілеріне де ықпал етеді.

Бұл зерттеу шетел еңбектерінде қарастырылған қаржылық сауаттылықтың психологиялық детерминанттарын анықтайды. Әлем бойынша көптеген зерттеулер қаржылық сауаттылықтың демографиялық және әлеуметтік-экономикалық детерминанттарына жиі назар аударғанымен, психологиялық факторларды талдаған және белгілі бір айнымалылар мен қаржылық сауаттылық арасындағы эндогендік байланысты түсіндірген еңбектер салыстырмалы түрде аз (K. Skagerlund et al., 2018). Соның нәтижесінде, қаржылық сауаттылықтың психологиялық детерминанттарын, механизмдері мен аспектілерін кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындайды.

Бұл зерттеудің екі негізгі мақсаты бар: қаржылық сауаттылықтың психологиялық детерминанттарын түсіндіретін ғылыми басылымдардағы еңбектерді зерделей отырып, жүйелі шолу жасау және осы факторлар негізінде қаржылық сауаттылықтың психологиялық механизмдері мен аспектілерін талдау.

Зерттеу әдістемесі


Мақалада қаржылық сауаттылықтың психологиялық факторларын саралау бойынша әдебиеттерге талдау және жинақтау, ақпаратты шолу әдісін қолдана отырып, библиографиялық аналитикалық мәліметтерге жүйелі шолу мен сапалық талдау жүргізілді. Жүйелі шолу жүргізу үшін Prisma әдістемелік процедурасы негізге алынды. Бұл процедура келесі міндеттерді шешеді: зерттеу мақсатын анықтау, мақалаларды іріктеу мен алып тастау критерийлерін белгілеу, дерекқорлардан ізденіс жүргізу, алдын-ала анықталған өлшемдерге сәйкес келетін мақалаларды таңдау, сол мақалалардан қажетті деректерді

шығару және нәтижелерді бағалап, талқылау (BMJ, 2021). Теориялық шолуды толық жүйелі әрі терең жүргізу мақсатында зерттеу екі кезеңді қамтыды: бірінші кезеңде деректерді жинау тәсілі көрсетілсе, ал екінші кезеңде алынған деректердің сипаттамасы ұсынылады. Ғылыми зерттеулерге шолу барысында деректерді іріктеудің келесі критерийлерінің орындалуы басшылыққа алынды:

– Мақалада қандай да бір түрде қаржылық сауаттылыққа әсер ететін психологиялық факторлар туралы мәлімет болуы қажет.

– Сондай-ақ, психологиялық факторлар мен қаржылық сауаттылық арасындағы байланысты зерттеуі тиіс.

Соңғы жариялымдарды іздеу мақсатында Scopus, Web of Science(WoS) және Google Scholar деректер базасы қолданылды. Зерттеуді барынша толық қамту мақсатында іздеу барысында келесі кілт сөздер комбинациясы пайдаланылды: «қаржылық сауаттылықтың детерминанттары», «қаржылық сауаттылыққа әсер ететін факторлар», «қаржылық сауаттылықтың құрамдас бөліктері» және «қаржылық сауаттылыққа әсер ететін айнымалылар».




1-сурет. Scopus, WoS және Google Scholar дерекқорлары мәліметтері

2025 жылдың 20 тамыздағы жағдай бойынша табылған жарияланымдардың ең көп саны, 1-суретте көрсетілгендей, Google Scholar дерекқорында болды. Бірақ табылған барлық жарияланымдар біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес келмейтіндіктен, арнайы шектеулер мен критерийлер бойынша мақалалар үшін сүзгілер жасалды. Бұл кезеңде тек Scopus және WoS деректер базалары пайдаланылды. Бұдан кейін біз іріктеу критерийлерін қолданып, тақырып, абстракт және кілт сөздер бойынша шектеу қойылғанда, ары қарай жұмыс үшін жалпы 236 дерек таңдалды. Келесі кезекте, 2-суретте көрсетілгендей, тек ағылшын тілінде жарияланған, сонымен қатар кітап, кітаптың тарауы, баяндамалар мен шолулар ішінен тек мақалаларды таңдағанда 188 дерек іріктеліп алынды. Қалған мақалаларды Excel платформасына салғаннан кейін 35 қайталанған жариялым анықталып, тізімнен шығарылды. Келесі кезекте 153 мақаланың аннотациялары толық талданып, ішінен қаржылық сауаттылықпен қатар психологиялық факторлардың/ детерминанттардың айнымалыларының болуына назар аударылып ішінен 17 мақала таңдалды. Деректерді бағалаудың қорытынды кезеңінде екі критерий негізге алынды:

1) қаржылық сауаттылық - тәуелді айнымалы болған,

2) қаржылық сауаттылық пен психологиялық детерминаттардың арасындағы байланысты зерттеген болуы керек. Нәтижесінде, қалған 17 мақаланың (ішінде 5 мақаланың толық мәтіні жүктелмей, алынып тасталды) толық мәтінін зерттеу нәтижесінде, 2012–2025 жылдар аралығында жарық көрген 9 мақала жүйелі шолуға толық сәйкес келеді деп таңдап алынды.



2-сурет. PRISMA блок-схемасы бойынша зерттеулер деректері

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Дерекқорлардан қажетті мақалаларды іздеуде уақыт жағынан шектеу қойылмағанымен, қаржылық сауаттылыққа әсер ететін психологиялық факторларға назар аудару 2012 жылдан бастап назар аудара бастағаны көрінеді. 2 суретте көрсетілгендей, Scopus және WoS деректер базаларынан жазбаларды іздеу кезеңінде 153 мақаланың аннотацияларынын оқып, талдау барысында психологиялық айнымалы қарастырылған тек 17 мақалағана табылды, ол дегеніміз тек 11% ғана құрап тұр. Ал қалған үлкен бөлігінде қаржылық сауаттылықтың предикторлары ретінде әлеуметтік, демографиялық, мәдени және экономикалық факторлары зерттелген. Бұл көрініс психологиялық қаржылық сауаттылықтың психологиялық детерминаттарына аса мән беріп зерттелу қажеттілігін көрсетеді.

PRISMA критерийлері негізінде курс мазмұнына жүйелі шолу

қ/с	Автор(лар)	Жылы	Психологиялық фактор 1	Психологи-ялық фактор 2	Психологи-ялық фактор 3
1	John Gathergood	2012	өзін-өзі бақылау		
2	Taqadus Bashir және басқалар	2013	тәуекелге бейімділік	зейнетақы жоспарының ниеті	үмітсіздік
3	Longobardi S, Pagliuca MM, Regoli A.	2017	мәселелерді шешуге ашықтық	өзіндік тиімділік (математикалық)	
4	K. Skagerlund және басқалар	2018	қаржылық мазасыздық, математикалық мазасыздық	когнитивтік қабілет	өзіндік тиімділік
5	Kadoya Y және Khan MSR	2020	қартайған кездегі өмірге қатысты мазасыздық	болашаққа бағдар	
6	Tinghög G және басқалар	2021	қаржылық мазасыздық		
7	Fazal A және басқалар	2021	когнитивтік қабілет		
8	Riaz S және басқалар	2022	ақшаға деген көзқарас	өзіндік тиімділік	зерделілік (Саналылық)
9	Galizzi M, Hillier A, Schena D	2023	қаржылық мазасыздық	өзіндік тиімділік	

1-кестеде осы шолу үшін таңдалған 9 мақаланың негізгі белгілері мен сипаттамалары жинақталған. Бұл кестеге сәйкес 2012-2023 жылдары арасындағы мақалалар жүйелу шолу үшін PRISMA критерийлері негізінде таңдалды. Қаржылық сауаттылыққа әсер ететін психологиялық факторлардың ішінде ең көп қарастырылған өзіндік тиімділік (4 рет) болып табылады. Келесі кезекте мазасыздықтың бірнеше түрлері зерттелген, олар: қаржылық мазасыздық, математикалық мазасыздық және қартайған кездегі өмірге қатысты мазасыздық. Когнитивтік қабілет пен ақшаға деген көзқарас аталған зерттеулер ішінде предиктор ретінде екі реттен кездеседі. Ал зейнетақы жоспарының ниеті, болашаққа бағдар, өз-өзін бақылау, тәуекелге бейімділік, мәселені шешуге ашықтық айнымалылары тек бір реттен зерттелген.

Yoshihiko Kadoya және Mostafa Saidur Rahim Khan (2020) өз зерттеулерінде Жапония халқының қаржылық сауаттылық деңгейіне әсер ететін факторларды анықтауға тырысқан. Тәуелді айнымалы ретінде қаржылық сауаттылықты қарастырса, тәуелсіз айналмалылар екі психологиялық айнымалыны таңдаған: *болашаққа бағдарлану және қартайған кездегі өмірге қатысты мазасыздық*. *Болашаққа бағдарлану* – бұл адамның болашаққа деген көзқарасын өлшейтін көрсеткіш, оған болашақтан күтетін үміттері мен қорқыныштары кіреді. Зерттеу нәтижелері болашаққа аз көңіл бөлетін адамдардың

қаржылық сауаттылық деңгейі төмен болатынын көрсетті. Яғни, болашақты қазіргі немесе өткен уақытпен салыстырғанда маңыздырақ деп санайтын тұлғалар қаржылық тұрғыдан неғұрлым сауатты болады. Зерттеуде қарастырылған келесі психологиялық айнымалы – *қартайған кездегі өмір үшін мазасыздық*. Америкалық Психологиялық Қауымдастық (2016) мазасыздықты ширығу сезімдері мен уайымға толы ойлармен сипатталатын эмоция ретінде түсіндіреді (American Psychological Association, 2016). Сондай-ақ, Hofmann S.G. және әріптестері (2010) мазасыздықты адамдардың әл-ауқатына елеулі кедергі келтіріп, өмір сапасына теріс әсер етуі мүмкін ширығу сезімдері мен мазасыз ойлар ретінде анықтаған. Бұл зерттеу қартайған кездегі өмірге қатысты мазасыздықты – қарттықтағы күнделікті мәселелерге (қаржы, денсаулық, баспана және жалпы өмір сүру жағдайлары) байланысты тұрақты әрі шамадан тыс уайымдау ретінде анықтайды.

Денсаулық, баспана және өмір сүру жағдайларының қаржылық сауаттылыққа тікелей қатысы болмаса да, қаржылық сауаттылық арқылы алынған қаржылық мүмкіндіктер қартайғанда сапалырақ медициналық қызметке, жақсы баспанаға және өмір сүру деңгейіне қол жеткізуге жағдай жасайды, бұл өз кезегінде қарттықтағы өмірге қатысты мазасыздықты азайтуы мүмкін. Бұл күй адамдарды жинақ пен зейнетақы жоспары сияқты қаржылық білім түрлерін меңгеруге итермелеуі мүмкін. Себебі мұндай білім болашақтағы өмірдің қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, зерттеу нәтижелері болашақ өмірге қатысты уайымның қаржылық сауаттылықты меңгеруге елеулі ықпал етпейтінін көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде қаржылық сауаттылыққа ең көп болашаққа бағдар әсер ететіні анықталған (Kadoya Y, Khan MSR, 2020).

Dr. Taqadus Bashir, Asba Arshad зерттеулерінде қаржылық сауаттылық пен бірнеше психологиялық факторлар – *үмітсіздік, зейнетақы жоспарына ниет және тәуекелге бейімділік* арасындағы байланысты қарастырды. Зерттеу нәтижелері қаржылық сауаттылықтың *зейнетақы жоспарын құру ниетімен* ең жоғары корреляцияда екенін көрсетті. Егер адам зейнетақы жоспарын құруға ниет білдірсе, ол түрлі инвестициялық қаржы құралдары туралы көбірек білуге ұмтылады және ең жоғары табыс әкелетінін таңдайды. Осылайша, зейнетақы жоспарына деген ниет адамның қаржылық сауаттылығын арттырады. Зейнетақы жоспарына деген ниеттен кейін, *тәуекелге бейімділіктің* қаржылық сауаттылыққа әсері тексерілді. Тәуекел – қолайсыз нәтижелердің пайда болу ықтималдығы. Ал қабылдау – тәжірибе мен күтілімдер негізінде қалыптасатын танымдық ерекшелік. Тәуекелді қабылдау – бұл шығындарға қатысты субъективті эмоциялар мен бағалау үдерісі (Aren S., Hamamci H. N., 2022).

Тәуекелге бейімділік те қаржылық сауаттылықпен жоғары әрі оң байланысқа ие екені анықталды. Бұл адамның тәуекелге баруға дайын болуы оның әртүрлі нарықтар мен қаржы құралдары туралы көбірек білуге ұмтылатынын білдіреді. Бұл зерттеуде қарастырылған келесі айнымалы – *үмітсіздік* - қаржылық мінез-құлық пен әл-ауқаттың құрамдас бөліктеріне кері әсер етеді. Басқаша айтқанда, шамадан тыс қарызға батқан адамдар арасындағы депрессия көбінесе ауыр зардаптарға әкелетін ойланбай жасалған шешімдер мен әрекеттерге себеп болды. Шынында да, үмітсіздік көптеген адамдар тап болатын ең маңызды мәселелердің бірі болып саналады. АҚШ-та жүргізілген алдыңғы зерттеу үмітсіздік пен қаржылық сауаттылық арасында теріс корреляция бар екенін анықтады (Rahim S. H. A. et al., 2016). Ал бұл еңбекте керісінше, үмітсіздік пен қаржылық сауаттылық арасында да оң байланысты көрсетті. Автордың пайымдауынша,

болашағына үмітсіз қарайтын адам қаржылық жағдайын жақсарту үшін бар күшін салады, сондықтан әртүрлі инвестициялық мүмкіндіктер туралы білімін арттырады, бұл оның қаржылық сауаттылығының өсуіне әкеледі (Bashir T. et al., 2013).

John Gathergood Ұлыбритания тұтынушылары арасындағы өз-өзін бақылау, қаржылық сауаттылық және қарызға батудың тұтынушылық несиеге қатысты байланысын зерттейді (Gathergood, J., 2012). Өз-өзін бақылау – бұл адамның азғырулармен (қалаулар, тартулар, құмарлықтар) бетпе-бет келген кезде өз-өзін тежей білуі немесе жақсырақ бағытқа бағыттау алу қабілеті ретінде анықталады. Ал қаржылық менеджментте өз-өзін бақылау импульсивті сатып алуды азайту арқылы біреуді үнемдеуге ынталандыратын әрекет болыптабылады (Efendi, R. Et al., 2019). Өз-өзін бақылаудың болмауымен қаржылық сауатсыздық тұтынушылық несиені төлемеумен және шамадан тыс қаржылық жүктеме ретінде сезінумен өзара оң байланыста екенін көрсетеді. Өз-өзін бақылауда қиындық көретін тұтынушылар, әдетте, тез әрі қолжетімді, бірақ жоғары пайыздық несиелерді жиі пайдаланады. Сондай-ақ, өз-өзін бақылау проблемалары бар тұтынушылар табыс жоғалту, несиенің тоқтатылуы немесе күтпеген шығындар сияқты қаржылық күйзелістерге жиі ұшырайтыны анықталады. Бұл өз-өзін бақылаудың болмауы әртүрлі қаржылық қауіптерге ұшырау ықтималдығын арттыратынын көрсетеді. Зерттеудің көптеген модельдерінде артық қарызға батуды түсіндіруде қаржылық сауатсыздыққа қарағанда өзін-өзі бақылаудың жоқтығы анағұрлым маңызды рөл атқаратыны байқалады (Gathergood J., 2012).

Aqsa Fazal және Hadi Hassan Khan (2021) Пәкістандағы кіші өндіріс саласында жұмыс істейтін әйелдердегі *когнитивтік қабілеттілігінің (cognitive ability)*, ақшаны басқару дағдылары және мәдени нормалардың қаржылық сауаттылығына әсерін зерттейді. Қаржылық мінез-құлықты зерттеу әдебиетінде когнитивтік қабілет жеке тұлғаның орынды қаржылық шешімдер қабылдауы үшін маңызды элемент болып табылады деп есептеледі (Efendi, R. et al., 2019). Когнитивтік қабілеттері жоғары адамдар қаржылық ақпаратты көбірек іздеуге бейім ғана емес, сонымен бірге ол ақпаратты қолдана алады, ал когнитивтік деңгейі төмен адамдар мұндай қабілетке аз ие (Kahneman & Tversky, 2013).

Lusardi мен Mitchell (2007) атап өткендей, шешім қабылдау барысында логикалық қателерді анықтап, олардан қашу қабілеті, когнитивтік бағалауға негізделген зияткерлік есептеулер жүргізу қабілеті, сондай-ақ сандарды түсіну мен қолдана білу – қаржылық сауатты болудың негізгі дағдылары болып табылады. Аталған зерттеу нәтижелері бойынша когнитивтік қабілет пен ақша басқару дағдылары қаржылық сауаттылықпен оң байланыста екені анықталады. Респонденттердің жауаптарына талдау жасау арқылы когнитивтік қабілеттің қаржылық сауаттылықты арттырудың маңызды факторы екендігін көрсетті. Осылайша, когнитивтік қабілеттері жоғары әйелдер алған білім мен дағдыларды тезірек меңгеруге бейім келеді (Fazal, A. et al., 2021).

Margherita Maria Pagliuca және Andrea Regoli мақалаларында 15 жастағы итальяндық оқушылардың қаржылық білімін дамыту процесін PISA деректері негізінде қарастырады. Онда екі латентті айнымалы – *мәселені шешуге ашықтық және математикалық өзіндік тиімділік* қарастырылады. «Мәселені шешуге ашықтық» оқушылардың қиын тапсырмаларды түсініп, шешуге қабілеттілігі ретінде, ал «математикалық өзіндік тиімділік» – бұл студенттердің математикалық тапсырмаларды тиімді орындау және қиындықтарды еңсере алу қабілеттеріне өздері қаншалықты сенетінін білдіреді.

«Өзіндік тиімділік» пен «өз-өзіне сенімділік» бір мағынада қолданылатын синонимдес сөздер болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл екі айнымалының да қаржылық сауаттылыққа оң әсері бар, оның ішінде ең күшті әсер математикалық өз-өзіне сенімділікке тиесілі.

Sheza Riaz және т.б. ғалымдардың (2022) зерттеулерінде қаржылық әлеуметтендіру агенттері, *ақшаға деген көзқарас* пен қаржылық сауаттылық арасындағы байланысты, сондай-ақ *қаржылық өзіндік тиімділік* медиатор ретіндегі және *зерделілік/саналылық* модератор ретіндегі рөлін қарастырады. Өзіндік тиімділік – бұл мақсат қою, күш салу, кедергілерге қарсы тұру және сәтсіздіктен кейін қалпына келу барысында қолдау көрсететін ішкі ресурс. Ол адамның мінез-құлқы мен мотивациясымен байланысты, сондықтан қаржылық шешімдер қабылдауға және мінез-құлықты өзгертуге тікелей қатысы бар. *Қаржылық өзіндік тиімділік* дегеніміз – адамның өміріндегі түрлі қаржылық жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алу қабілеті (Bandura A., 1999).

Forbes J. және Kara S. M. (2010) пікірінше, бұл – "адамның өз қаржылық мақсаттарына жету үшін әрекеттерді жоспарлау және орындау қабілетіне деген сенімі). *Зерделілік* – адамның қоршаған орта мен ішкі күйіне толық назар аударуы арқылы дұрыс әрі тиімді шешім қабылдауына көмектесетін әдіс. Baer, R. A. және әріптестері (2008) зерделілікті адамның болмысты байыппен, қабылдаушы көзқараспен түсіну үшін қазіргі сәтке толықтай зейін қоюы деп сипаттайды. Siegel D. J. (2007) зерделілікке кіретін "саналылық – біздің ойлау, сезіну және назарамызды шоғырландыру қабілетімізге" қатысты екенін атап өткен. Зерттеу нәтижелері қаржылық өзін-өзі тиімділіктің қаржылық сауаттылыққа оң әсері бар екенін көрсетті. Егер адам зерделі болса (яғни, саналы түрде әрекет ететін болса), онда оның ақшаға көзқарасы қаржылық сауатты болуына көбірек әсер етеді. Бірақ бұл зерделілік өзін-өзі сенімді сезіну мен қаржылық сауаттылық арасындағы байланысты азайтуы немесе өзгертуі мүмкін. Ал адамның отбасынан, қоршаған ортадан алған қаржылық тәрбиесіне зерделілік еш әсер етпейді.

Brown Alexandra және басқалар (2014) зерттеулерінде жоғары зерделілік адамның қаржылық күйзеліске аз ұшырап, шешім қабылдау сапасының артуына әкелетінін көрсетті. Бұл өз кезегінде ақшаға деген көзқарас пен қаржылық сауаттылық арасындағы байланысты күшейтеді.

Galizzi M, Hillier A, және Schena D. (2023) зерттеулерінде аутистік ересектердің қаржылық сауаттылықтың ұғымдық түсінігі мен қаржылық мінез-құлқы аутизмі жоқ ересектерден құралған салыстырмалы топпен салыстырылып бағаланды. Авторлар респонденттердің *өзіндік тиімділігі (өзіне деген сенімділігі)* мен *қаржылық мазасыздық* деңгейлеріне назар аударады. Нәтижесінде аутистік ересектер өздерінің қаржылық білімдері жөнінде айтарлықтай сенімсіз болды, шығын жасау дағдыларына аз көңіл бөлді және қарапайым қаржылық құралдармен азырақ таныс болды. Олар шығындарын жұмсауда ұқыптырақ болып, болашаққа азырақ бағдарланды және қаржыға қатысты көбірек мазасыздықты бастан кешірді.

Tinghög G. және әріптестері (2021) ерлер мен әйелдер арасындағы қаржылық сауаттылық деңгейіндегі мәселені көтеріп, сол жағдайға әсер еткен факторларды зерттейді. Нәтижелер көрсеткендей, қаржылық сауаттылықтағы ерлер мен әйелдер арасындағы алшақтық тек есеп-қисанға байланысты емес, басқа да қаржылық жағдайларда байқалады. Әйелдердің қаржылық сауаттылық тесттерінде төменірек

нәтиже көрсетуіне қаржылық мазасыздық пен әлеуметтік стереотиптер ықпал ететіні анықталды. Сондықтан гендерлік айырмашылықты азайту үшін қаржылық біліммен қатар психологиялық кедергілерді де ескеру маңызды деген ойға келеді.

K. Skagerlund және авторлар (2018) ағымдағы зерттеулерінде қаржылық сауаттылыққа жетудегі когнитивті және эмоционалдық факторлардың рөлін зерттеді. Когнитивтік аспекті ретінде сандық сауаттылық және когнитивтік рефлексия (яғни пікірталас) таңдалса, эмоционалдық факторлар үшін математикалық мазасыздық, қаржылық мазасыздық және өзіндік тиімділік предикторлардың қатарына енді. Бір қызығы, сандық сауаттылық қаржылық сауаттылықтың когнитивті аспектісіне жатса (яғни сандарды түсіне білу және қолдана алу қабілеті), математикалық мазасыздық - сандарға қатысты эмоциялық қыры, ол адам сандармен байланысты әрекетке кіріскен сәтте сезілетін күшті теріс эмоциялармен сипатталады. Нәтижесінде қаржылық сауаттылық когнитивті предикторлармен өте мықты оң байланыс көрсетті, ал мазасыздықтардың екі түрі де, теріс әсер етті. Себебі математикалық есептеулер кезінде туындайтын мазасыздықтың жағымсыз сезімдері жұмыс жадындағы ресурстарды тұтынып, нәтижесінде орындау тиімділігін төмендетеді. Зерттеулер көрсеткендей, математикаға қатысты мазасыздық ересектік кезеңге дейін сақталады, себебі адамдар арифметикалық есептеуді қажет ететін күнделікті іс-әрекеттер мен шешімдерден қашқақтайды. Ал өзіндік тиімділік болса, көптеген бұрынғы зерттеулер көрсеткендей, қаржылық сауаттылықпен оң байланыста болды.



3-сурет. Қаржылық сауаттылықтың психологиялық детерминанттары

Қорытынды

Қаржылық сауаттылық қазіргі заманда жеке тұлға үшін де, қоғам үшін де маңызды құзіреттілік болып табылады. Оның екі негізгі құрамдас бөлігі бар – қаржылық операциялар жайлы білім мен сол білімін іс жүзінде қолдана алу қабілеті. Қаржылық сауаттылыққа әсер ететін факторлар сыртқы (экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, мәдени) және ішкі (психологиялық) деп екіге бөлінеді. Көптеген зерттеулер қаржылық сауаттылықтың предикторлары ретінде әлеуметтік демографиялық және экономикалық факторларды қарастырғанымен, психологиялық детерминанттарды зерттегендер аз. Осыған орай, бұл зерттеу жұмысы шетелдік мақалаларда қарастырылған қаржылық сауаттылықтың психологиялық айнымалыларын анықтауды өзіне мақсат етті. Prisma әдістемесі бойынша Scopus және WoS деректер базасында жүргізілген жүйелі шолу нәтижесінде 9 мақала таңдалды. 3-суретте көрсетілгендей, 10 түрлі психологиялық предикторлар анықталды. Олардың ішінде ең жиі кездесетіні өзіндік тиімділік пен мазасыздық болып табылады. Мазасыздықтың үш негізгі түрі зерттелген, олар: қаржылық, математикалық және қартайған кездегі өмірге қатысты. Когнитивті қабілет те қаржылық сауаттылықтың жоғары деңгейде болуына ең қатты әсер ететін фактор ретінде көрсетіледі. Қорытындылай келе, қаржылық сауаттылықтың маңызы мен рөлі жыл сайын қалайша артып жатқан болса, оған әсер ететін психологиялық факторлардың зерттеліп, әдебиеттердің кеңеюі де соншалықты маңызды болып табылады.

Авторлардың үлесі

Зерттеу деректерін жинау, талдау: **Ж.Н. Ибраимова**

Тұжырымдау, әдіснама, зерттеу деректеріне жетекшілік ету, редакциялау, сыни шолу: **Б.Ш. Байжуманова**

Әдебиеттер тізімі

OECD, and OCDE. (2020). PISA 2018 Results (Volume IV): Are Students Smart about Money? Éditions OCDE/OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/48ebd1ba-en>

Rehman and Mia Future Business Journal (2024). 10:75 <https://doi.org/10.1186/s43093-024-00365-x>

Yuesti, A., Rustiarini, N.W., Suryandari, N.N.A. (2020). Financial literacy in the COVID-19 pandemic: pressure conditions in Indonesia. Entrepreneurship and Sustainability Issues, 8(1), 884-898. [http://doi.org/10.9770/jesi.2020.8.1\(59\)](http://doi.org/10.9770/jesi.2020.8.1(59))

Al-Tamimi HAH (2009). Financial literacy and investment decisions of UAE investors. J Risk Finance 10(5):500–516 <https://doi.org/10.1108/15265940911001402>

Lusardi A. (2019). Financial literacy and the need for financial education: evidence and implications // Swiss J Economics Statistics. Vol. 155. № 1. <https://doi.org/10.1186/s41937-019-0027-5>.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің халықтың қаржылық сауаттылығының негізгі көрсеткіштерінің төртінші зерттеуі (2023) <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/article/details/148893?lang=ru>

OECD (2019), OECD/INFE Report on Financial Education in APEC Economies. Policy and practice in a digital world, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/67dcc865-en>.

- Goyal K, Kumar S. (2021). Financial literacy: A systematic review and bibliometric analysis. *Int J ConsumStud.* 45:80–105. <https://doi.org/10.1111/ijcs.12605>
- Remund, D.L., (2010). Financial literacy explicated: the case for a clearer definition in an increasingly complex economy. *J. Consum. Aff.* 44 (2), 276–295. <https://doi.org/10.1111/j.1745-6606.2010.01169.x>
- Bashir, T., Arshad, A., Scholar, M. S., Nazir, A., & Afzal, N. (2013). Financial literacy and influence of psychosocial factors. <https://citeseerx.ist.psu.edu/document?repid=rep1&type=pdf&doi=7d371782d243ef31dbd7a87f23348d8a6b2b52e7>
- Huston S.J.(2010). Measuring financial literacy. *The Journal of Consumer Affairs.* № 44 (2). <https://doi.org/10.1111/j.1745-6606.2010.01170.x>
- Oberrauch, Luis, Tim Kaiser, & Annamaria Lusardi (2024). Assessing financial literacy among the young. *Journal of Financial Literacy and Wellbeing* 2, 63–78. <https://doi.org/10.1017/flw.2024.17>
- Calvin Mudzingiri, John W. Muteba Mwamba & Jacobus Nicolaas Keyser (2018.) Financial behavior, confidence, risk preferences and financial literacy of university students, *Cogent Economics & Finance*, 6:1, 1512366, <https://doi.org/10.1080/23322039.2018.1512366>
- Muñoz-Murillo M, Álvarez-Franco PB, Restrepo-Tobón DA (2020). The role of cognitive abilities on financial literacy: new experimental evidence. *J Behav Exp Econ* 84:101–151. <https://doi.org/10.1016/j.socec.2019.101482>
- Fazal, A., Khan, H. H., Sarwar, B., Ahmed, W., Muhammad, N., & ul Haq, S. N. (2021). Influence of cognitive ability, money management skills, and cultural norms on the financial literacy of women working in the cottage industry. *Asian Journal of Business and Accounting*, 14(2), 255-278.<https://doi.org/10.22452/ajba.vol14no2.9>
- Pinjisakikool, T. (2017). The effect of personality traits on households' financial literacy. *Citizenship, Social and Economics Education*, 16(1), 39-51. <https://doi.org/10.1177/2047173417690005>
- Gathergood, J. (2012). Self-control, financial literacy and consumer over-indebtedness. *Journal of economic psychology*, 33(3), 590-602. <https://doi.org/10.1016/j.joep.2011.11.006>
- Ayuningtyas, M. F., & Irawan, A. (2021). The Influence of Financial Literacy on Bandung Generation Z Consumers Impulsive Buying Behavior with Self-Control as Mediating Variable. *Advanced International Journal of Business, Entrepreneurship and SMEs*, 3 (9),155-171. DOI: 10.35631/AIJES.39012
- Skagerlund, K., Lind, T., Strömbäck, C., Tinghög, G., & Västfjäll, D. (2018). Financial literacy and the role of numeracy–How individuals' attitude and affinity with numbers influence financial literacy. *Journal of behavioral and experimental economics*, 74, 18-25. <https://doi.org/10.1016/j.socec.2018.03.004>
- Kadoya Y, Khan MSR (2020). What determines financial literacy in Japan? *J Pension Econ Finance* 19(3):353–371 <https://doi.org/10.1017/S1474747218000379>
- Tinghög, G., Ahmed, A., Barrafreem, K., Lind, T., Skagerlund, K., & Västfjäll, D. (2021). Gender differences in financial literacy: The role of stereotype threat. *Journal of Economic Behavior & Organization*, 192, 405-416. <https://doi.org/10.1016/j.jebo.2021.10.015>
- Longobardi, S., Pagliuca, M. M., & Regoli, A. (2017). Family background and financial literacy of Italian students: the mediating role of attitudes and motivations. *Economics Bulletin*, 37(4), 2585-2594. <https://www.accessecon.com/pubs/eb/default.aspx?topic=Abstract&PaperID=EB-17-00498>
- Riaz, S., Khan, H. H., Sarwar, B., Ahmed, W., Muhammad, N., Reza, S., & Ul Haq, S. M. N. (2022). Influence of financial social agents and attitude toward money on financial literacy: The mediating role of financial self-efficacy and moderating role of mindfulness. *Sage Open*, 12(3), 21582440221117140. <https://doi.org/10.1177/21582440221117140>
- Galizzi, M., Hillier, A., & Schena, D. (2023). Financial literacy among autistic adults. *Journal of Consumer Affairs*, 57(4), 1650-1683. <https://doi.org/10.1111/joca.12564>

Bashir, T., Arshad, A., Nazir, A., & Afzal, N. (2013). Financial literacy and influence of psychosocial factors. *European Scientific Journal*, 9(28). DOI: [10.19044/ESJ.2013.V9N28P](https://doi.org/10.19044/ESJ.2013.V9N28P)

The PRISMA 2020 statement: an updated guideline for reporting systematic reviews; *BMJ* 2021; 372 doi: <https://doi.org/10.1136/bmj.n71> (Published 29 March 2021)

American Psychological Association (2016). <http://www.apa.org/topics/anxiety/index.aspx>.

Hofmann, S. G., Anu Asnaani, M. A., & Hinton, D. E. (2010). Cultural aspects in social anxiety and social anxiety disorder. *Depression and anxiety*, 27(12), 1117-1127. <https://doi.org/10.1002/da.20759>

Aren, S., & Hamamci, H. N. (2022). Evaluation of investment preference with phantasy, emotional intelligence, confidence, trust, financial literacy and risk preference. DOI [10.1108/K-01-2022-0014](https://doi.org/10.1108/K-01-2022-0014)

Rahim, S. H. A., Rashid, R. A., & Hamed, A. B. (2016). Islamic financial literacy and its determinants among university students: An exploratory factor analysis. *International Journal of Economics and Financial Issues*, 6(7), 32-35. <https://dergipark.org.tr/en/pub/ijefi/issue/32000/353022>

Efendi, R., Indartono, S., & Sukidjo, S. (2019). The Mediation of Economic Literacy on the Effect of Self Control on Impulsive Buying Behaviour Moderated By Peers. *International Journal of Economics and Financial Issues*, 9(3), 98-104. <https://doi.org/10.32479/ijefi.7738>

Brown, Alexandra and Collins, J. Michael and Schmeiser, Maximilian D. and Urban, Carly, State Mandated Financial Education and the Credit Behavior of Young Adults (August 25, 2014). FEDS Working Paper No. 2014-68, <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.2498087>

Kahneman, D., & Tversky, A. (1984). Choices, values, and frames. *American psychologist*, 39(4), 341.

Lusardi, A., & Mitchell, O.S. (2007). Baby boomer retirement security: The roles of planning, financial literacy, and housing wealth. *Journal of Monetary Economics*, 54(1), 205-224. <https://doi.org/10.1016/j.jmoneco.2006.12.001>

Bandura, A. (1999). Social cognitive theory: An agentic perspective. *Asian Journal Of Social Psychology*, 2(1), 21-41. <https://doi.org/10.1111/1467-839x.00024>

Forbes, J., & Kara, S. M. (2010). Confidence mediates how investment knowledge influences investing self-efficacy. *Journal of Economic Psychology*, 31(3), 435-443. <https://doi.org/10.1016/j.joep.2010.01.012>

Baer, R. A., Smith, G. T., Lykins, E., Button, D., Krietemeyer, J., Sauer, S., Walsh, E., Duggan, D., & Williams, J. M. (2008). Construct validity of the five facet mindfulness questionnaire in meditating and nonmeditating samples. *Assessment*, 15(3), 329-342. <https://doi.org/10.1177/1073191107313003>

Siegel, D. J. (2007). Mindfulness training and neural integration: Differentiation of distinct streams of awareness and the cultivation of well-being. *Social Cognitive and Affective Neuroscience*, 2(4), 259-263. <https://doi.org/10.1093/scan/nsm034>

Krinzinger, H., Kaufmann, L., Willmes, K. (2009). Math anxiety and math ability in early primary school years. *J. Psychoeduc. Assess.* 27, 206-225. <https://dx.doi.org/10.1177/0734282908330583>.

Теоретический анализ психологических аспектов и механизмов финансовой грамотности в зарубежных исследованиях

Ж.Н. Ибраимова, Б.Ш. Байжуманова*

Евразийский национальный университет им Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аннотация. В последние годы в рамках психологических наук исследование финансовой грамотности личности приобретает особую актуальность. Это связано с тем, что финансовые

решения в большинстве случаев принимаются на основе поведенческих особенностей человека, его эмоциональной стабильности и когнитивных характеристик. На финансовое поведение личности влияет не только уровень её финансовых знаний и навыков, но также мотивационная сфера и система убеждений.

В статье теоретически анализируются психологические аспекты и механизмы финансовой грамотности на основе зарубежных исследований. Вначале определяется значение и актуальность понятия «финансовая грамотность» в контексте психологической науки. Также даётся характеристика термину «финансовая грамотность» на основе психологических исследований. Особенность статьи заключается в том, что проводится систематический обзор научных публикаций, посвящённых психологическим детерминантам финансовой грамотности. На основе этих данных раскрываются психологические аспекты и механизмы формирования финансовой грамотности.

С помощью методологической процедуры PRISMA проводится систематический анализ библиографических и аналитических данных. Приводятся статистические данные последних исследований, взятые из международных баз данных Scopus, Web of Science (WoS) и Google Scholar.

На основе критериев PRISMA в систематическом обзоре содержания финансовой грамотности выделяются её психологические факторы и механизмы в виде таблицы. Систематизируются как внешние (экономические, социальные, демографические, культурные), так и внутренние (психологические) факторы, влияющие на финансовую грамотность. В большинстве зарубежных психологических исследований в качестве психологических предикторов финансовой грамотности рассматриваются такие переменные, как самооффективность и тревожность. Согласно результатам исследований, когнитивные способности личности оказывают прямое влияние на уровень финансовой грамотности. Также описываются данные, в которых тревожность по поводу жизни в пожилом возрасте рассматривается как один из психологических аспектов финансовой грамотности.

Ключевые слова: финансовая грамотность, психологические исследования, финансовое поведение, финансовое образование, когнитивная способность, тревожность, самооффективность.

Theoretical analysis of psychological aspects and mechanisms of financial literacy in international research

Zh. Ibraimova, B. Baizhumanova*

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. In recent years, the study of financial literacy within the framework of psychological sciences has gained significant importance. This is due to the fact that financial decisions are often made based on an individual's behavior, emotional stability, and cognitive characteristics. Financial behavior is influenced not only by a person's financial knowledge and skills but also by their motivational sphere and system of beliefs.

This article presents a theoretical analysis of the psychological aspects and mechanisms of financial literacy based on international research. First, the relevance and significance of financial literacy in the context of psychology are examined. Furthermore, the concept of "financial literacy" is described through the lens of psychological studies. A key feature of the article is the systematic review of scientific

publications that address the psychological determinants of financial literacy. Based on these findings, the psychological mechanisms and aspects of financial literacy are identified.

Using the PRISMA methodological procedure, a systematic review of bibliographic and analytical data is conducted, with qualitative analysis of relevant studies. Statistical data from recent studies indexed in international databases such as Scopus, Web of Science (WoS), and Google Scholar are presented. Following PRISMA criteria, psychological factors and mechanisms related to financial literacy are outlined in tabular form. External (economic, social, demographic, cultural) and internal (psychological) factors influencing financial literacy are systematized. Many international psychological studies identify self-efficacy and anxiety as key psychological predictors of financial literacy. According to research findings, an individual's cognitive abilities have a direct impact on their level of financial literacy. Anxiety related to life in old age is also described as a psychological aspect influencing financial behavior.

Keywords: financial literacy, psychological research, financial behavior, financial knowledge, cognitive ability, anxiety, self-efficacy

Авторлар туралы мәлімет:

Ибраимова Жансая Ниятқызы – 8D03103-«Психология» ББ докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан, Сәтбаев көшесі, 2. +7778 059 0091, bp.enu.2020@gmail.com

Байжуманова Бибианар Шаймерденовна – хат-хабар үшін автор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, психология ғылымдарының кандидаты, Астана қ., Қазақстан, Сәтбаев көшесі, 2. +7 701 815 34 67, bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru,

Информация об авторах:

Ибраимова Жансая Ниятқызы – докторант ОП 8D03103-Психология, кафедры психологии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, ул Сатбаева, 2, г. Астана, Казахстан, +7778 059 0091, bp.enu.2020@gmail.com

Байжуманова Бибианар Шаймерденовна – автор-корреспондент, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор кафедры психологии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, ул Сатбаева, 2, г. Астана, Казахстан, +7 7018153467, bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru,

Information about authors:

Ibraimova Zhansaya – 8D03103-Psychology doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, +7778 059 0091, bp.enu.2020@gmail.com

Baizhumanova Bibianar – Corresponding Author, Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, +7 701 815 34 67, bibianar.bayzhumanova.70@mail.ru,